Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК

# 2026 жылғы шілде айына
# АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



Астана 2026 жыл

# Мазмұны

Алғы сөз........................................................................................................................................ 4

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес шілде айының қысқаша климаттық сипаттамасы …....................................................................................................................... 5

Шілде айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте)........................................................................................ 7

2026 жылдың шілде айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы...................………..…………….............. 8

Шілде айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) …………..……………………...............………………..…...................... 8

2026 жылдың шілде айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы ……………………………....................... 9

Шілде айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) ……………….……………………..…...................................... 9

2026 жылы Қазақстан аймақтары бойынша шілде айында күтілетін орташа ауа температурасы …...……………………………………………….................. 10

Ауа райының облыстар бойынша графигі …….......………………………………………........................ 11

2026 жылдың шілде айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы …………………….....…………………………....…………………….... 12

Батыс Қазақстан облысы ….………………………………………………………........................... 13

Атырау облысы ………………………………........................................................................................ 14

Маңғыстау облысы ...……………………………………………………………………………….... 15

Ақтөбе облысы ………………………………………………………………….................................. 16

Қостанай облысы ………………...……………...……………………….............................. 17

Солтүстік Қазақстан облысы………………………………………………….......................... 18

Ақмола облысы ……….....………………………………………………………………………..... 19

Павлодар облысы ………………………………………………….................................................. 20

Ұлытау облысы ……………………………….................................................................................... 21

Қарағанды облысы ..………………………………………………………………………………… 22

Абай облысы ....………………………………………………………………………………….... 23

Шығыс Қазақстан облысы ..……………...……………………………………………………… 24

Қызылорда облысы ...……………………………………………………………........................... 25

Түркістан облысы ……………………...……………………………………………………………. 26

Жамбыл облысы ………………………………................................................................................... 27

Алматы облысы ...………………………………………………………………………………….... 28

Жетісу облысы ...……………………………………………………………………………………. 29

**Алғы сөз**

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың  қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Бір айға арналған ауа райы болжамы  консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^0C$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.*

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:
Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:
Ж.Қ.  Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ 1 санаттағы инженер-синоптигі: Қ. Шаяхметов тел. (7172) 79-83-95.

Аударған - АРҰМББ 1 санаттағы инженер-синоптигі: Қ. Шаяхметов, тел. (7172) 79-83-95

**Гидрометорталық директоры** **М. Шмидт**

**АРҰМББ  басшысы** **Ж. Исабекова**

**Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес шілде айының қысқаша климаттық сипаттамасы**

Шілде айында күннің жарық уақыты қысқара бастайды, маусымға қарағанда бұл айда күн көкжиектен көп төмендеп, ауаның орташа айлық температурасы жоғарылайды және жылдағы өзінің ең жоғарғы мәніне жетеді. Солтүстік пен шығыста ол +18+23°С Шығыс Қазақстан облысының тауларында +14+16°С, республиканың оңтүстігіне қарай жоғарылай отырып, қиыр оңтүстікте +28+30°С-қа жетеді.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы +20+25°С-тан асатын бір айдағы тәулік саны Қазақстанның солтүстік облыстарында 15-20 тәулікті, оңтүстік облыстардың жазық бөлігінде 25-30 тәулік құрайды.

Шілдеге ауаның орташа тәуліктік температурасының көп тербелісте ауытқуы тән: республиканың оңтүстік бөлігінде +16+19°С, Қазақстанның солтүстігінде және оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының тау бөктерлі аудандарында +12+15°С, тек тауларда ғана +10°С-тан аздау болады.

Шілдеде абсолюттік максимум солтүстік және шығыс облыстарда +42+43°С, батыс, орталық, оңтүстік-шығыста +47+48°С, оңтүстікте +49+50°С-қа жетеді. Абсолюттік максимумның қайталануы солтүстік пен шығыста 10 жылда 2 рет, оңтүстік облыстарда 10 жылда 7-8 рет болады, ал қиыр оңтүстікте мұндай ыстық жыл сайын байқалуы мүмкін.

Шілдеде ыстық ауа райымен қатар Қазақстанның солтүстігі мен шығысында түнде 0,+5°С және қалған жерлерде +7+12°С дейін біршама суынуы да мүмкін. Шілдеде үсік өте сирек кездеседі, дегенмен кей жылдары Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір стансаларында -1-4°С-қа дейін төмендейді.

Шілдеде Қазақстанның солтүстік жартысында жауын-шашынның жылдық максимумы байқалады. Батыс облыстарда ол маусымда болып өтеді, ал оңтүстік облыстарға керісінше, жауын-шашын мөлшерінің одан ары азаюы тән.

Жауын-шашынның ең көп айлық мөлшері республиканың солтүстігінде 45-83 мм, шығыстың таулы және тау бөктерлі аудандарында 86-182 мм, солтүстіктен оңтүстікке қарай жауын-шашынның мөлшері азайып, оңтүстік-шығыстың тау бөктерлі және таулы аудандарын қоспағанда жауын-шашынның мөлшері 26-54 мм, ал таулы аудандарда 60-160 мм, кей кездерде 250 мм-ге дейін және одан да көп, республиканың оңтүстік бөлігінде 1-12 мм ғана, кей жерлерде 14-24 мм болады.

Шілдеде жаңбыр нөсер түрінде жауады, кейде бір тәулікте айлық мөлшері және одан да көп жаууы мүмкін.

Шілдеде жаңбырлы күндердің саны солтүстік облыстарда және шығыс пен оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 8-15, кей жылдары 18-23, тауларда 20-26, шөлді аудандарда 1-4, ал тым ылғалды жылдары 5-7 тәулік болады.

Қуаңшылық (жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан 30% аз) солтүстік облыстарда орта есеппен 10 жылда 1 рет, шөл аумақтарда жиірек-10 жылда 4-6 рет болып тұрады.

Шілдеде найзағай жиі шығыс және оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 8-12 тәулік, солтүстік облыстарда 6-8 тәулік, батыс облыстарда 5-6 тәулік, шөлді аудандарда айына 1-2 тәулік болады.

Бұршақтың жаууы сирек құбылыс, барлық жерде болмайды. Бұршақ көбінесе оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 10 жылда 6-9 рет, Іле Алатауының солтүстік беткейлерінде жыл бойы айына 1-3 рет жауады.

**Шілде айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері**

(норма 1991-2020 жж.)

| Облыс | Ауа температурасы,°С | Жауын-шашын мөлшері, мм |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан облысы | +22,7...+26,2 | 14...39 |
| Атырау облысы | +25,6...+27,9 | 8...18 |
| Маңғыстау облысы | +26,1...+30,1 | 8...13 |
| Ақтөбе облысы | +20,6...+26,8 | 9...39 |
| Қостанай облысы | +19,8...+24,6 | 15...59 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | +18,7...+20,3 | 56...81 |
| Ақмола облысы | +18,2...+21,2 | 37...82 |
| Астана қаласы | +20,6 | 56 |
| Павлодар облысы | +20,1...+21,7 | 48...75 |
| Ұлытау облысы | +21,5...+26,1 | 5...28 |
| Қарағанды облысы | +18,8...+24,9 | 14...66 |
| Абай облысы | +18,9...+24,6 | 20...55 |
| Шығыс Қазақстан облысы | +14,6...+23,7 | 24...85 |
| Қызылорда облысы | +26,9...+29,3 | 3...8 |
| Түркістан облысы | +17,5...+30,0 | 1...26 |
| Шымкент қаласы | +26,8 | 10 |
| Жамбыл облысы | +21,6...+27,4 | 7...32 |
| Алматы облысы | +8,5...+26,6 | 11...138 |
| Алматы қаласы | +24,4 | 43 |
| Жетісу облысы | +17,9...+26,1 | 11...80 |

## 2026 жылғы шілде айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

***Шілде*** айында ауаның айлық орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарында, Қызылорда облысының басым бөлігінде, Ұлытау, Қарағанды облыстарының оңтүстік жартысында, Абай облысының оңтүстігінде, Шығыс Қазақстан облысының қиыр оңтүстігінде *нормадан 1-2° жоғары* болады деп күтілуде.

**2026 жылдың шілде айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы**




**Шілде айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)**



## 2026 жылдың шілде айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

***Шілде*** айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Солтүстік Қазақстан облысында, Қостанай облысының басым бөлігінде, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар облыстарының солтүстігінде, Ақмола облысының батысы мен солтүстігінде *нормадан көп*, Түркістан, Жамбыл облыстарында, Қызылорда облысының басым бөлігінде, Ұлытау облысының оңтүстік-шығысында, Қарағанды облысының оңтүстік жартысында, Абай облысының оңтүстік-батысында, Алматы және Жетісу облыстарының солтүстік-батысында *нормадан аз* болады деп күтілуде.

**2026 жылдың шілде айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы**




**Шілде айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)**



**2026 жылғы шілде айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы**

Ауаның орташа айлық температурасы елдің басым бөлігінде +21+29°С, оңтүстік пен оңтүстік-батыстың жекелеген аудандарында +30+31°С, солтүстігінде, қиыр шығысында және қиыр оңтүстік-шығысында +15+20°С болады деп күтілуде.

**2026 жылдың шілде айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы**




**Жыл аналогы - 2022 жыл**

# Облыстар бойынша ауа райы кестесі

## Батыс Қазақстан облысы




## Атырау облысы




## Маңғыстау облысы




## Ақтөбе облысы




## Қостанай облысы




## Солтүстік Қазақстан облысы




## Ақмола облысы




## Павлодар облысы




## Қарағанды облысы




## Ұлытау облысы



## Абай облысы




## Шығыс Қазақстан облысы




## Қызылорда облысы




## Түркістан облысы




## Жамбыл облысы




## Алматы облысы




## Жетісу облысы




**Шартты белгілер:**

- кей жерлерде жауын-шашын
- аздаған жауын-шашын
- қар аралас жаңбыр
- ылғалды нөсерлі қ
- нөсерлі жаңбыр
- шаңды дауыл
- көк тайғақ
- тұман
- бұрқасын
- қар
- нөсерлі қар
- жаңбыр
- найзағай
- бұршақ
- дауыл

Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі

С ЮВ СЗ
СВ Ю З
В ЮЗ

- көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы
- түнгі ауа температурасының барысы
- күндізгі ауа температурасының барысы
- ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы

## Қазақстан облыстары бойынша 2026 жылғы шілде айына консультативтік ауа райы болжамы

### Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +23,2+26,6°С болады деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +22,7+26,2°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +24+29°С-тан +19+24°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +30+35°С қатты ыстыққа дейін біртіндеп көтерілуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +24+29°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +36+41°С-қа дейін одан ары көтерілуі болжануда. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +24+29°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +36+41°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-тан +24+29°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +18+23°С-қа дейін, *күндіз* +30+35°С-қа дейін көтерілуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстігінде *нормадан көп* күтілуде (норма: 14-39 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің бірінші жартысында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басы мен ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Бұршақ үшінші онкүндіктің басында ықтимал. Дауыл бірінші онкүндіктің басында болжануда. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +25,6+28,6°С болады деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +25,6+27,9°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +23+28°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +25+30°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +37+42°С-қа дейін көтерілуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +25+30°С-тан +20+25°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +37+42°С-тан қатты ыстық +32+37°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +25+30°С-тан +13+18°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +37+42°С-тан +25+30°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +23+28°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +36+41°С-қа дейін біртіндеп көтерілуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтілуде (норма: 8-18 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басы мен ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасы мен соңында, үшінші онкүндіктің басы мен соңында күтіледі.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +26,7+30,7°С болады деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +26,1+30,1°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-тан +24+29°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +32°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +22+27°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +34+39°С-қа дейін көтерілуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +22+27°С-тан +28+33°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +34+39°С-тан өте қатты ыстық +40+45°С-қа дейін одан ары біртіндеп көтерілуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +28+33°С-тан +18+23°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +40+45°С-тан +26+31°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +23+28°С-қа дейін, *күндіз* +31+36°С-қа дейін көтерілуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 8-13 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасы мен соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басы мен ортасында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел 15-20 м/с екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басы мен соңында күтіледі.



## Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +21,0+27,0°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +20,6+26,8°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +11+16°С-тан +6+11°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-тан +22+27°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +31+36°С-қа дейін көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +24+29°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +31+36°С-тан өте қатты ыстық +40+45°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +35°С-қа дейін біртіндеп көтерілуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +24+29°С-тан +10+15°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +40+45°С-тан +26+31°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +15+20°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +31+36°С-қа дейін көтерілуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстігінде *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 9-39 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Шаңды дауыл, жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі. Бұршақ айдың басында ықтимал.



## Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +19,7+24,2°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +19,8+24,6°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +8+13°С-тан +13+18°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +20+25°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +32+37°С-қа дейін одан ары көтерілуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +20+25°С-қа дейін, *күндіз* +26+31°С-тан қатты ыстық +32+37°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +20+25°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +32+37°С-тан +25+30°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +20+25°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан қатты ыстық +30+35°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың оңтүстігінде *норма шамасында* күтілуде (норма: 15-59 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің басы мен соңында, үшінші онкүндіктің ортасы мен соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басы мен соңында ықтимал.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +18,4+20,5°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,7+20,3°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +4+9°С-тан +9+14°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-тан +25+30°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +17+22°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +31+36°С-қа дейін одан ары көтерілуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +26+31°С-тан қатты ыстық +31+36°С-қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +9+14°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +23+28°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 56-81 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің басы мен соңында және үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі болжанады. Шаңды дауыл айдың ортасында ықтимал. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің соңында мүмкін.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +18,5+21,8°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,2+21,2°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С-тан +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +19+24°С-тан +24+29°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +26+31°С-қа дейін көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +19+24°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан қатты ыстық +33+38°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +9+14°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +23+28°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +14+19°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-қа дейін көтерілуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың батысы мен солтүстігінде *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 37-82 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл айдың ортасында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің соңында мүмкін. Бұршақ, дауыл бірінші онкүндіктің ортасында мүмкін.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +20,7+22,3°С болады деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +20,1+21,7°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +9+14°С-тан +14+19°С-қа дейін, *күндіз* +21+26°С-тан +26+31°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +23+28°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +23+28°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +18+23°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +30+35°С-қа дейін көтерілуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +24+29°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстігінде *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 48-75 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі.



## Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +21,5+27,4°С күтілуде, бұл облыстың солтүстік жартысында *норма шамасында*, оңтүстік жартысында *нормадан 1° жоғары* (норма: +21,5+26,1°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +11+16°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан қатты ыстық +31+36°С-қа дейін көтерілуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +21+26°С-қа дейін, *күндіз* өте қатты ыстық +35+40°С-қа дейін одан ары көтерілуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының көтерілуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +20+25°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +34+39°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 5-28 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басы мен соңында болжанады. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі болжанады.



## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +18,8+26,3°С күтілуде, бұл облыстың солтүстік жартысында *норма шамасында*, оңтүстік жартысында *нормадан 1° жоғары* (норма: +18,8+24,9°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-тан +27+32°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-қа дейін одан ары көтерілуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +20+25°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-тан қатты ыстық +32+37°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +20+25°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +32+37°С-тан +27+32°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, оңтүстігінде *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 14-66 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің басы мен ортасында, үшінші онкүндіктің ортасы мен соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасы мен соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман айдың соңында болжанады. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында мүмкін.



## Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +19,0+25,8°C күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,9+24,6°C).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°C-тан +15+20°C-қа дейін, *күндіз* +22+27°C-тан +27+32°C-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *күндіз* +32°C-тан қатты ыстық +35°C-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +15+20°C-тан +11+16°C-қа дейін, *күндіз* +27+32°C-тан +23+28°C-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *күндіз* қатты ыстық +35°C-тан +31°C-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +19+24°C-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +31+36°C-қа дейін күрт көтерілуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +19+24°C-тан +11+16°C-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +31+36°C-тан +23+28°C-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +11+16°C-тан +18+23°C-қа дейін, *күндіз* +23+28°C-тан, облыстың оңтүстігінде +33°C-тан қатты ыстық +34+39°C-қа дейін күрт көтерілуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +18+23°C-тан +13+18°C-қа дейін, *күндіз* қатты ыстық +34+39°C-тан +29+34°C-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +11+16°C-қа дейін, *күндіз* +27+32°C-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, оңтүстік-батысында *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 20-55 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші, екінші онкүндіктерде жиі, үшінші онкүндіктің басы мен соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басы мен соңында, екінші онкүндіктің ортасында болжанады.



## Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +15,0+24,6°С болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, қиыр оңтүстігінде нормадан 1° жоғары (норма: +14,6+23,7°С)

Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +7+12°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +19+24°С-тан +27+32°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-тан +22+27°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°С-тан +18+23°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-тан +30+35°С қатты ыстыққа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +24+29°С-қа дейін күрт төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 24-64 мм, облыстың таулы аудандарында 61-85 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бір ай ішінде жиі болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші, екінші онкүндіктерде, үшінші онкүндіктің басы мен соңында жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басы мен ортасында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басы мен соңында болжанады. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында мүмкін. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



## Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +27,6+30,9°С деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1-2° жоғары*, солтүстік-батыста *норма шамасында* (норма: +26,9+29,3°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +20+25°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-тан +32+37°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +23+28°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-тан, облыстың оңтүстігінде +35°С-тан +35+40°С қатты ыстыққа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +28+33°С-қа дейін, *күндіз* +41+46°С өте қатты ыстыққа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +28+33°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +41+46°С өте қатты ыстықтан +27+32°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, солтүстігінде, солтүстік-батысында *норма шамасында* күтіледі (норма: 3-8 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басы мен ортасында болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Дауыл бірінші онкүндіктің ортасында ықтимал.



## Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +19,6+32,2°С деп күтілуде, бұл *нормадан 2° жоғары* (норма: +17,5+30,0°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +22+27°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-тан +34+39°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +12°С-тан +17°С-қа дейін, *күндіз* +24°С-тан +29°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Екінші жартысында ауа температурасының түнде +19+24°С-қа дейін, күндіз +31+36°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде +14°С-қа дейін, күндіз +26°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +25+30°С-қа дейін, *күндіз* +37+42°С қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +20°С-қа дейін, *күндіз* +32°С-қа дейін одан ары көтерілуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +25+30°С-тан +20+25°С-қа дейін, *күндіз* +37+42°С қатты ыстықтан +32+37°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +20°С-тан +15°С-қа дейін, *күндіз* +32°С-тан +27°С-қа дейін төмендеуі, онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +27+32°С-қа дейін, *күндіз* +41+46°С өте қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +22°С-қа дейін, *күндіз* +36°С-қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +12°С-қа дейін, *күндіз* +24°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 1-17 мм, облыстың таулы аудандарында 13-26 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің басы мен ортасында болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің ортасы мен соңында ықтимал.



## Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +25,1+29,4°С деп күтілуде, бұл *нормадан 2° жоғары* (норма: +21,6+27,4°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +13+18°С-тан +21+26°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан, облыстың оңтүстігінде +35°С-тан +33+38°С қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +8°С-тан +16°С-қа дейін, *күндіз* +20°С-тан +28°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +25+30°С-қа дейін, *күндіз* +26+31°С-тан +37+42°С қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +9°С-тан +20°С-қа дейін, *күндіз* +21°С-тан +32°С-қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +25+30°С-тан +19+24°С-қа дейін, *күндіз* +37+42°С қатты ыстықтан +31+36°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +20°С-тан +14°С-қа дейін, *күндіз* +32°С-тан +26°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +25+30°С-тан +19+24°С-қа дейін, *күндіз* +37+42°С қатты ыстықтан +31+36°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +20°С-тан +14°С-қа дейін, *күндіз* +32°С-тан +26°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, қиыр оңтүстік-шығысында *норма шамасында* күтіледі. (норма: 7-19 мм, облыстың таулы аудандарында 20-32 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасы мен соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктердің ортасы мен соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі.



## Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +9,6+28,5°C деп күтілуде, бұл *нормадан 1-2° жоғары* (норма: +8,5+26,6°C).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +18+23°C-тан +12+17°C-қа дейін, *күндіз* +30+35°C қатты ыстықтан +24+29°C-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +8+13°C-тан +2+7°C-қа дейін, *күндіз* +20+25°C-тан +14+19°C-қа дейін ауытқуы күтілуде, облыстың таулы аудандарында *түнде* +8+13°C-қа дейін, *күндіз* +15+20°C-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +12+17°C-тан +21+26°C-қа дейін, *күндіз* +24+29°C-тан +39+44°C өте қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +2+7°C-тан +11+16°C-қа дейін, *күндіз* +14+19°C-тан +29+34°C-қа одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +21+26°C-тан +15+20°C-қа дейін, *күндіз* +39+44°C өте қатты ыстықтан +33+38°C қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +11+16°C-тан +5+10°C-қа дейін, *күндіз* +29+34°C-тан +23+28°C-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде +21+26°C-тан +15+20°C-қа дейін, *күндіз* +39+44°C өте қатты ыстықтан +33+38°C қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +11+16°C-тан +5+10°C-қа дейін, *күндіз* +29+34°C-тан +23+28°C-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік жартысында *нормадан аз*, оңтүстік жартысында *норма шамасында* күтіледі (норма: 11-34 мм, облыстың таулы аудандарында 42-138 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с, дауыл бір ай ішінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасы мен соңында, екінші онкүндіктің басында болады деп болжануда. Тұман айдың ортасында болуы мүмкін.



**Жетісу облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +19,9+27,4°С деп күтілуде, бұл *нормадан 1-2° жоғары* (норма: +17,9+26,1°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +16+21°С-тан +21+26°С-қа, *күндіз* +28+33°С-тан қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +6+11°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +23+28°С-қа дейін көтерілуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +16+21°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +6+11°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +21+26°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +33+38°С қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +6+11°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +23+28°С-қа одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +16+21°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +6+11°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-қа дейін төмендеуі күтіледе.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +23+28°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +36+41°С өте қатты ыстыққа дейін, облыстың шығысында және таулы аудандарында *түнде* +6+11°С-тан +13+18°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +25+30°С-қа дейін күрт көтерілуі күтіледі. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының *түнде* +16+21°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-қа дейін, облыстың шығысында және таулы аудандарында *түнде* +6+11°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +21+26°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +33+38°С қатты ыстыққа дейін, облыстың шығысында және таулы аудандарында *түнде* +6+11°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +23+28°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік-батыс жартысында *нормадан аз*, оңтүстік-шығыс жартысында *норма шамасында* күтілуде (норма: 11-28 мм, облыстың таулы аудандарында 38-80 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басы мен соңында, үшінші онкүндіктің соңында жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және үшінші оңкүндіктің соңында болуы ықтимал. Жел 15-20 м/с әр онкүндіктің басында болжанады.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz

КАЗГИДРОМЕТ

Республика Казахстан
г. Астана
ул. Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz